

ӨНЕР ТАРИХЫ

ХҮІІ ғасырдағы Голландия өнері





Бүгінгі тақырып с XVII ғасырдағы Голландия өнері. I ғасырда римдіктер Рейн, Маас, Шельде секілді өзендердің солтүстік мұхитқа барып құятын Германияда орналасқан жерлерін төменгі жерлер деп атаған болатын. Дәл осы римдіктер төменгі жер деп атаған Германияның төменгі жақ территориясында Нидерланд мемлекеті орналасты. Нидерланд мемлекеті әу баста сол XV–XVI ғасырларда өтпелі мемлекет қызметін атқарған еді. Өйткені оның саяси, тілдік, этникалық құрамы үнемі ауысып отырды. XVI ғасырда Нидерланд атауы тек географиялық атау болып қалады, яғни саяси, тілдік жағынан бұл жерде бірлік қалмаған еді. Тек XVII ғасырда ғана Испания тарапынан жүргізілген реформа нәтижесінде мемлекет түбегейлі екіге бөлініп кетеді. Оның оңтүстік бөлігі Фландрияның өте бай құнарлы жеріне қызықандықтан Испания басымдық танытып, өзіне қаратады, яғни Фландрия әжептәуір уақыт Испания қарамағында болған еді. Ал оңтүстік бөлігі керсінше, табиғат жағдайы өте қолайсыз, жайсыз болды. Халықтың негізі тұрмыс тіршілігіне егін шаруашылығына тым қолайсыз жерлер солтүстік территория Голландия деп атала бастады. Осылайша, тарих сахнасында екі мемлекет көрініс табады. Испания Фландрияға жетекшілік ету арқылы ол жердегі мәдениеттің, өнердің де өркендеуіне тікелей инквизициямен қысым жасап, оның дамуына тосқауыл болады.

Испаниядан осындай қысым көрген көптеген ғалымдар, суретшілер, өнер адамдары мәжбүрлі түрде Голландияға қоныс аударады. Голландия керсінше, дәл осы өнер, мәдениет жағынан еркін, өз ойын және өзінің шығармашылығын еркін жүргізуге мүмкіндік беретін мемлекет болатын. Тарихта дүниежүзін тек қана құдай жаратса, Голландияны тек қана голландықтар жаратқан деген мақал кең тараған. Бұл мақалды тек голландықтар ғана қолданады. Өйткені, жаңа айтып өткеніміздей, Голландия территориясы орман-тоғайсыз, ұдайы үздіксіз жел соғып тұратын қолайсыз жер еді. Осы батпақты жерді голландтықтар тыңғылықты игеру барысында егін шаруашылығына қолайлы етіп, ал, кең алқапты алай-дүлей жел соққан алқаптарына диірмендер орнату арқылы сол диірмендерді өздерінің күнделікті тұрмысына пайдалануға ыңғайлайды. Түрлі шеберханалар ашылып, шеберлер түрлі қыш бұйымдарын өңдеу, металл өңдеу секілді шеберханаларда жұмыс жасай бастайды.

Осылайша, Голландия алғаш рет Батыс Еуропа территориясында діннің ықпалымен емес, керсінше адамның күнделікті тұрмыс тіршілігін негізге ала отырып, шығармашылықтың дамуына жағдай жасайды. Нақты осы Голландия территориясында діни, мифологиялық тақырыптардан бөлек тұрмыстық тақырыптар жанрлық сипатына қарай дамып, көптеген суретшілердің есімі әлемге белгілі болады. Басқа кезеңдердің барлығында әрине, суретшілер есімі өте көп, бірақ, осындай территориясы шағын Голландия секілді елден осыншама көп суретшінің шығуы елде мейлінше белең алған шығармашылық тұлғалар үшін жайлы болған жағдаймен байланысты еді. Мысалы, әлемге есімі әйгілі Рембрандт, портрет шебері Франс Халс, Ян Стен, Ян Вермеер секілді суретшілер дәл осы Голландия топырағынан шыққан еді. Ең алғаш дүрбі де осы Голландияда ойлап табылғанын біз тарихтан білеміз. Голландия кескіндемесінде суретшілер өзінің шеберлігін шыңына дейін жеткізіп көрсету үшін, осындай кіші жанрлық тақырыптарға көбірек тоқтайтын. Портрет жанрында отбасылы, жеке портрет, топтық портрет әсіресе әскери адамдардың топтық портреттеріне көбірек берілетін.

Ал, пейзаж жанры бұрын соңды портретпен немесе тақырыптық байланыста шешілсе, дәл осы Голландия кезеңінде қала пейзажы, дала пейзажы, көше пейзажы, жеке-жеке көл пейзажы өз алдына жеке жанр ретінде дараланып шығып, тіпті кейбір суретшілер өмірінің соңына дейін дәл осындай кіші жанрларға адал болып қалған еді. Олар дәл осы кіші жанрларда өзінің барлық мүмкіндіктерін, шығармашылық шеберлігін шыңына жеткізе мейлінше жетік бейнелеп отырды. XVII ғасырдағы Голландиялық кескіндеме өнерінің алтын ғасыры Франс Халс шығармашылығынан басталады. Франс Халс портретист суретші болды. Дәл осы жанрды таңдауы арқылы Голландия кескіндеме өнерінің хал-ахуалын айқындауға болады. XVII ғасырда Голландия екіге бөліген кезде ұсақ 14 провинциядан тұратын республика болып қаланды. Сонымен қатар, ол протестанттық республика деп өзін жариялаған болатын. Голландия территориясында билік құрған гасбургтерді қуып шыққан кезде олар католиктік шіркеуден де бас тартқан еді. Католиктік шіркеудің кетуі, протестанттық діннің орнауы енді шіркеуде бейнелеу өнеріне деген сұраныстың жоқ екенін айқын көрсетті. Әрине, ғылым, білім, сонымен қатар қолөнершілік шаруашылықтың барлық қыры Голландияда қарқынды дамып, голландықтар ерекше ерен еңбектің иесі екенін өздерін қоршаған басқа көршілес мемлекеттерге дәлелдеп-ақ болған еді. Алайда, сурет өнері



өзінің негізгі шіркеуге емес қоршаған ортаға, халыққа жұмсау керек деген мақсатын дәл осы тұста айқындап алады. Енді тапсырыс беруші аристократтар, бюргерлер болды. Олар көбінде өзінің портреттеріне немесе үйде ілуге арналған шағын көлемді туындыларға тапсырыс беретін. Мұндай туындыларды тапсырыс беруші де, тамашалаушы да қарапайым халық болды.

Франс Халстың кенептерінен біз парадтық портреттерді, топтық портреттерді, отбасылық портреттерді сонымен қатар, қарапайым халықтың да портреттерін көре аламыз. Парадтық, топтық портреттер әрине тапсырыс бойынша жазылуы мүмкін. Алайда, Франс Халстың негізгі кәсіби шеберлігін айқындай түсетін қарапайым халықтың негізгі кейіпкерлерін бейнелеудегі портреттер тапсырыссыз жазылғаны айқын. Олардың жағыс мәнері, жағыстардың кей жерлерде айқыш-ұйқыш түсуі, бейнеленуші кейіпкердің мінезін, психологиясын ашуда, кейбір тұстарын карикатураға дейін жеткізіп бейнелеуін оның ізденіс барысындағы суретші екенін айқын түсінеміз. Адамдардың, аристократтардың парадтық портреттерін бейнелеуде ол бейнеленушінің тұрған немесе отырғанын сәл ғана бір қырынан бұрып бейнеленген ракусын таңдайды. Осы арқылы портретке ерекше салтанаттылық беріп, оның қоғамдағы, өмірдегі статусын киім детальдары арқылы айқын көрсетеді. Мысалы, назар аударып қарасақ, жаға немесе жеңіне қолданған өте әсем, нәзік шілтерден тоқылған жасанды жағалар аппақ түсі арқылы қара түсті костюммен немесе аямен қарама-қайшылықта отырып бірден көзге түседі. Сонымен қатар, осындай аристократтар өзінің қоғамдағы орнын айқындай түсу үшін қолдарына қолғаптарын ұстап түсуді де әдетке айналдырған еді. Дәл сол уақытта қоғамда сәнге айналған мұрт қою, шошақ сақал қою немесе үкілі шляпасын бір жақ шетіне сәл ғана қисайта кию дәл парадтық портреттердің негізгі белгілері еді.

Топтық портреттер салуға да тапсырыс Халске жиі келіп тұрды. Дәл осы топтық портреттер арқылы Франс Халс портрет жанрының ішіндегі тағы бір жанрдың негізін қалады. Мұндай топтық портреттерде бірнеше адам бейнеленіп, олар сол бір гильдияның мүшесі немесе сол қаланың қорғанысына жауапты әскери қызметкерлер болып табылған еді. Олар әдетте көтеріңкі көңіл күйде, қызуқанды әңгіме үстінде бейнеленетін. Тіпті олардың өзара әңгімелері, қол әрекеттері арқылы назарларын бір-біріне аударып, ден қойып тыңдау арқылы тұтас бір композициялық байланыс орнататын. Осындай көңілді, әсерлі мейрам жағдайларында бейнелеу арқылы Франс Халс өмірге деген құштарлығын айқын көрсетіп отырды. Топтық портреттердің тағы бір түрі Франс Халс шығармашылығында жетекші орын алатын отбасы портреті. Франс Халс отбасы мүшелерін табиғат аясына шығарып, әсерлі бір серуен барысында бір-бірімен көтеріңкі көңіл күйде бейнелейді.

Франс Халс адамдарды көңілсіз, ішкі бір кереғарлықта бейнелеуге асықпайды. Ол өзі бейнелеп жатқан адамдардың салтанатты сұлу болып көрінуін басты назарға қойған болатын. Себебі, тапсырыс жеке тұлға тарапынан келіп отыр. Тек өмірінің соңына қарай Франс Халстың осы көп портреттер галереясынан екі бірдей көңілсіз портреттерді көреміз. Олар «Қарттар үйіндегі регенттер» деп аталады. Екіншісі, «Қарттар үйінің Регеншалар деп аталады, яғни регент бұлар қарттар үйінде қарт адамдарға көмек көрсететін қызметкерлер. Осындай портреттері арқылы Франс Халс қара түсті өте шебер пайдаланады. Мейлінше сол қарттықтың азабын, ауру меңдеген өмірді, әрбір адамның өмірінің соңғы кезеңіндегі өлім алдындағы қорқынышын сол регенттердің үстеріне киген қара түсті киім арқылы, бастарындағы қара түсті шляпалары арқылы айқын сезімді жеткізуге бар күшін салған болатын.

Кіші жанрлардың Голландия территориясында қарқынды дамуы жеке тапсырыс берушінің талап-тілегіне сай жұмыс жасаудан туындайды. Сондықтан да, суретшілер бір-бірлерінің жанрлық шеңберлерін бұзбауға тырысып отырған. Мысалы, әр жанрға жауапты суретші ол теңіз пейзажын жазатын болса, қала пейзажына қалам тартпайды немесе дала пейзажын жазбайды. Оның өзіне тапсырыс беруші ортасы бар, яғни ол тек солармен ғана жұмыс жасайды. Натюрмортта да дәл осылай, пейзаж жазатын суретші натюрморт жазбайды. Натюрморт жазатын кісі тек сол өзінің натюрмортымен, оның ішіндегі өзіндік кіші жанрлармен жеткілікті, тыңғылықты айналысу керек болатын. Осындай бір кәсіпке жіті мән беру, голланд шеберлерінің өзінің кәсіби шеберлігін шыңына дейін дамытуға мүмкіндік берді.

Натюрморт жанры да осы Голландия өнерінде алғаш бастау алған болатын. Натюрморт жанрының негізінде өлі табиғатты бейнелеу жатты. Жай ғана бейнелеу емес, сол арқылы таңғы натюрморт, кешкі натюрморт немесе материалдары әртүрлі заттардан құралған натюрмортты



бейнелеу арқылы суретші бірінші өзінің шеберлігін дәлелдейді. Оның материалды сезінуі: әйнек, қыш немесе шыны ыдыстардың әрбір қасиетін жеткізуде осы натюрморт жанры маңызды болды. Алайда Голландия территориясында өлім тақырыбы соншалықты бір қорқынышты болған жоқ. Өлім тақырыбын голландтықтар философиялық тұрғыдан қарастырды. Себебі, бұл жерде өлім тақырыбын қозғауға тиым салмайтын. Оны тек қана жазалау, насихаттық үлгі тұрғысынан қарастыруға бағыт беретін шіркеу ондай жетекші рөл ойнамады. Сондықтан, өлім ол бар нәрсе, ол көп кешікпей келеді және әрбір адам өледі деп танығандықтан өлімнің берері мен өлімнен алатын үлгіні мейлінше көрсетуге тырысты. Бұл натюрморт жанрында «ванитас» деген кіші жанрда қалыптасады. Ванитас жанрында адам басының қаңқа сүйегі натюрморттың ең басты үлгілі центрі болып табылады. Ванитас бейнеленген натюрмортта әдетте өмір мен өлімнің арасындағы байланыстың мазмұнын аша түсетін заттар бейнеленетін. Кітап, яғни білімге, өмірге құштарлықтың белгісі. Шам, яғни шам өшсе, өмір де өшеді, шам жанса, өмір де жанады. Әйнек – өмір әйнек секілді өте жұқа, нәзік. Оны қадірлеп өзінің мақсатына қарай ұстанбаса сындырып алуға болады. Шоқ, яғни шоқты өміріңе мән беру арқылы маздатып жағуға болады, ал өшіру арқылы өмірді де тоқтатуға болады.

Осылайша Ванитас жанры XVII ғасырдағы Голландтық қоғамда өзінше бір өмір мен өлім философиясын қозғаған кіші жанрлардың бірі болатын. Өлім тақырыбында өз шығармаларында жемісті түрде талқылаған суретшілердің бірі Рембрандт Харменс Ван-Рейн болды. Рембрандтың өмір жолы Франс Халске қарағанда әлдеқайда ауыр болды. Франс Халс өз отанының сүйікті ұлы болды. Ол өз замандастарының портретін жасады. Сондықтан да халық оны жақсы көрді. Халыққа ол тек қана қуанышты, жігерлі замандастарының портретін сыйлады. Сондықтан, Халс қартайған кезде қала тұрғындары өз қаражатынан оған арнайы зейнетақы тағайындады. Ал, Рембрандт Харменс Ван Рейн керсінше, өмірінің соңғы кездерін жоқшылықта, кедейшілікте, кейбір жерлерінде аштықта өткізді. Ол мұқтаждықпен, жоқшылықпен күресу арқылы өз шығармашылығында осы өліммен ұдайы бетпе-бет келіп, оның негізі бет-бейнесін өзіндік бір философиялық тұрғыда қарастырған еді. Ол өлімді тек қана өз өмірімен салыстырған жоқ, өлім оған сүйікті әйелі Саскияны ерте алып кету арқылы ертерек таныс болды. Рембранд Харменс Ван Рейннің жалпы шығармашылық өмірін екіге бөліп қарастырса болады.

Алғашқы кезеңі Саскияға үйленген қуанышты сәті, ал соңғы кезі Саския өмірден өткеннен кейінгі қайғылы сәті. Қуанышты сәтіне Рембрандтың Саскиямен портретін жатқыза аламыз. Ол қандай тамаша әрі әсерлі. Алдына әйелін отырғызған күйі ол ұзын бокалды сондай бір мақтанышпен көрерменге тілек тілегендей оң қолымен көтерген. Бұл осы қуанышты кезеңіндегі тамаша туындыларының бірі. Тарихта Рембрандтқа «Алтын түстің патшасы» деп қойылған атауға жауап ретінде жазылған жұмыстарының бірі «Даная» картинасы болды. Даная антикалық мифология бойынша жазылған туынды. Бұл жерде біз тағы да Саскияның образын, Саскияның бейнесін, кейбір жерлерінде Саскияның портретін көреміз. Өйткені Саския бейнесін ол көзі тірісінде де Саския дүниеден өткеннен кейін де жазған болатын. Саския Рембрандт шығармашылығында, Рембрандт өмірінде шырақ болып жанып тұрғандай ерекше әсер қалдыратын. Сондықтан да, ол Даная портретін жазуда алтын түстес реңдерді өте көп қолданады. Даная төсекте өте салтанатты, шынайы, жалаңаш жатыр. Ол қазір өзіне келетін құдайды күтуде. Ол құдай кім? Ол – Зевстің өзі. Оны мифологиядан білеміз. Данаяға Зевс алтын жаңбыр түрінде келген болатын. Дәл сол алтын түстің басым түсуін анықтап қарайтын болсақ, алтын тамшыларынан көреміз. Әйел образы, оның керемет үндестіктегі бейнесі Рембрандт шаруашылығының алғашқы кезеңінде өте сәтті шешім табады.

Қазіргі таңда бұл туынды Эрмитаж залдарында сақтаулы. Өкінішке қарай, 1987 жылы психологиялық ауытқуы бар адам осы жұмысқа үлкен нұқсан келтіреді. Жұмысты бірнеше жерінен тілгілеп тастайды. Ұзақ жылға созылған реставрациялық жұмыстардың арқасында жұмыс көрерменмен қайта қауышады. Осы тұста, жұмысты қайта қалпына келтіруге қазақ суретшісінің де үлесі болғанын айта кеткен жөн шығар. Жұмақын Қайранбаев Репин атындағы Санкт-Петербургтегі көркем сурет институтында оқып жүрген кезінде көп уақытын осы көшірме жұмысына арнайтын. Сол көшірмелеу барысында практикалық жұмысы ретінде «Данаяның» көшірмесін жасайды. Ол институт қорында сақталып қалады. Кейін келе осы Данаяның көшірмесін іздестіріп, соның барысында жұмыс жасау негізінде Қайранбаевтың жұмысы үздік



деп табылып, Данаяны қайта қалпына келтіріп, Данаяны қайта қалпына келтіруде теңдессіз үлес қосқан еді.

Рембрандт шығармашылығының келесі бір екінші сатысы оның өлімге тіке қарауымен байланысты. Сондай бір жұмыстың бірі доктор «Тюльптің шеберханасындағы анатомия сабағы» деп аталады. Доктор Тюльп өзінің шәкірттеріне анатомиядан дәріс беруде. Осы кезде Рембрандт алдыңғы планға мүрдені шығарады. Оның қолы кесіліп, ішіндегі бұлшық еттері доктордың қысқыштарымен ұстап шәкірттеріне таныстыру барысында. Дәл осындай өлімді көрсету, яғни өлімнің тек қана өмірлік фактор ғана емес, сонымен қатар зерттеуге тұрарлық дүние екенін айқындау, голландтықтар үшін айқын дүние емес еді. Бұл жерде дін тарапынан қойылған тыйым болмады және де соңғы екі жұмысы ол «Түнгі барлау» деп аталады. Немесе «Капитан Баннинг Коктың түнгі күзетшілері». Аталмыш жұмыс 32 кейіпкерден тұратын топтық портрет. Қала барлауына жауапты әскери кейіпкерлердің портреттік бейнесін орындауға арналған тапсырыстық жұмыс болатын. Алайда, Рембрандттың бұл жұмысы өз уақытында қабылданбай, тапсырыс ақысы төленбей, жұмыс Рембрандттың қоймасында ұзақ уақыт сақталып қалады. Өйткені, тапсырыс берген 16 адамның орнына Рембрандт 32 адамды белгілейді және де орталықтан шыққан тылсым жарықтың ішінде өзінің әйелі Саскияны кішкене қыз ретінде белгілейді. Қайдан шыққаны белгісіз әскери адамдардың арасында қыз баланың жүруі тіпті де түсініксіз. Оның үстіне ол көкте қалықтап жүріп бара жатқандай әсер қалдырады. Бұл Саскияның дүниеден өткен уақыты еді. Сондықтан да, Саскияға деген құрмет, сағыныш оның бейнесін қайта жандандыру мақсатында осы картинада көрініс табады. Оның қолына ұстаған тауығы да түсініксіз болды. Бірақ өнертанушы ғалымдар зерттей келе, ол тауықтың сәби бейнесімен байланыстырып, Саскияның толғақ үстінде дүниеден өткенін осындай бір деректер арқылы байланыстырып жеткізеді.

Рембрандт шығармашылығының эпилогы бұл «Адасқан ұлдың оралуы» деп аталатын туындысы. Діни тақырыпта шешім тапқан картина. Әдетте, адасқан ұл қай уақытта оралады? Өзінің адасқанын түсінген уақытта. Сондықтан да, Рембранттың дәл осы туындысында адасқан ұл жұпыны, қайыршы кейіпте келді. Киімдері жыртық, әлдеқашан өзін жоғалтқан, шындап келгенде адами кейіптен мүмкін айныған да шығар, бірақ ол өзінің адам кейпін тапқан кезде оралар нүктесінің бар екенін ұқты. Ол нүкте әке-шеше, ата-ана үйі. Рембрандт та осылайша, өзінің шығармашылығына, өмір жолына нүкте қойғандай болады.